

## 9-СЫНЫП ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА АКТ-НІ ПАЙДАЛАНУ

**Канатова Жадыра Канатовна, Абильдина Гульбаршын Орынбековна**

[jakosha92@mail.ru](mailto:jakosha92@mail.ru), [gukaabildina27@mail.ru](mailto:gukaabildina27@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Физикалық және экономикалық география кафедрасының 1-курс магистранттары, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ж.Инкарова

АКТ мүмкіндіктерін барынша кең пайдалану білім беру мазмұнын толықтырудың жолы болып табылады. АКТ мәтіндік, сандық және графикалық ақпаратпен жұмыс істеудің қуатты құралдарына ие; ол Ғаламтормен бірге оқытудың ғаламдық ортасын қалыптастырды. Қазіргі оқушыларды бұрынғы әдістермен оқыту, зейінің ұзақ уақыт бойы бір бағытта ұстап тұру өте қиын. Дәстүрлі сабақ өткізу формасы өзгеріп отырған әлем жағдайында өз тиімсіздігін көрсетуде, бәсекеге қабілетті тұлғаларды өсіріп, тәрбиелеу үшін ақпараттық коммуникациялық құралдар таптырмас орын алады. Жасөспірімдердің өмірі әлеуметтік желілермен, ақпараттық технологиялармен тығыз байланысты, сондықтан, олардың назарын сабақ үрдісіне аудару үшін ақпараттың технологияларын барынша кең пайдалану қажет. Ол оқушылардың ақпараттық құзыреттіліктерін дамытудың амалы болмақ. Бірақ, әлі күнге дейін қазақстандық мектептерде бұл мүмкіндіктер барынша пайдаланылмайды. Осыған байланысты АКТ-ны қолдану бойынша жүйелік амалдарды қолдану керек.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – бұл бірлесіп ақпараттық және коммуникациялық үрдістерді іске асыруға арналған технологиялар. Ол ақпаратты іздеу, жинақтау, сақтау, өңдеу, көрсету, тарату үрдістері мен әдістерінің және бұл үрдістер мен әдістерді іске асыру амалдарының жиынтығы.

Қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану оқу нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында оқушы мен мұғалім арасындағы оңтайлы қарым-қатынасты ұйымдастыруға мүмкіндік береді және бірден проблемалық мазмұнның көрнекілік құралдарын (мұғалім-студент арасындағы тікелей оқыту байланысын орнату) және бағдарламалық оқыту мен бақылау құралдарын (мұғалім-оқушы арасындағы қорытынды кері байланысты орнату) пайдалануға мүмкіндік береді.

География сабақтарында АКТ оқушыларға келесідей көмек көрсетеді:

- Географиялық білімдерді кеңейтеді және зерттеу дағдыларын дамытады.
- Графикалық, статистикалық және кеңістіктік талдау дағдыларын дамытады.
- Картографиялық білімдерді дамытады.
- Географиялық жүйелер мен ортаны модельдейді және т.б.

Сабақтарды жоспарлау барысында келесі жағдайларға назар аудару қажет:

- Жаңа тақырыпты қарастыру барысында оқушыларға ақпаратты көрнекі түрде жеткізетін бағдарламаларды пайдаланған жөн.
- Бекіту кезінде оқушылар өз білімдерін бекітетін бақылау бағдарламаларын пайдалану қажет.
- Бақылау сабағында мұғалім арнайы бағдарламаларды пайдалану арқылы оқушылар ақпараттың үлкен көлемін қаншалықты меңгергендігін анықтай алады.
- Практикум сабақтарында оқушылар карталарды салыстыру, кесте толтыру, қорытынды жасау, статистикалық кестелермен жұмыс жасау икемдіктерін жетілдіреді.

Осы орайда, әсіресе қашықтықтан оқыту кезінде, АКТ мүмкіндіктерін сабақтарда барынша пайдалану өте маңызды. Себебі, белгілі бір себептерге байланысты, кейде сабақты

дәстүрлі форматта, яғни көзбе-көз өткізу мүмкін емес. Осындай жағдайда сабақты ұйымдастыру барысында қолдануға болатын бірнеше сайт пен бағдарламаларды тереңірек қарастырайық.

Интерактивті тапсырмаларды жасау үшін көптеген ғаламтор ресурстары бар. Олар өздерінің функционалдық мүмкіндіктері бойынша ұқсас болуы мүмкін, ал кейбіреуі өзара функционал бойынша да, интерфейс бойынша да айырмашылық жасайды. Жалпы олар пайдалану мүмкіндіктерінің кеңдігімен және қарапайымдылығымен сипатталады. Дегенмен, әрқайсысын сабақтың әр түрлі кезеңдерде, әр түрлі мақсатта қолдануға болады. Бір сервис арқылы біз викториналарды тез және сапалы түрде жасай аламыз. Басқа сервиске карталармен жұмыс жасауға болады. Үшінші сервистер арқылы оқушылардан белгілі бір сауалнама ала аламыз. Сабақты ұйымдастыруда мен бірқатар сайттың мүмкіндіктерін пайдаланамын. Әсіресе, 9-сыныптың бағдарламасы бойынша пайдаланатын сайттармен бөлісуді жөн көріп отырмын.

**Padlet** – бұл пайдалануға оңай және ыңғайлы құрал, оның көмегімен әр түрлі формадағы интербелсенді «қабырға» жасауға болады. Бұл жерде әрбір оқушы өз жұмысын қабырғаға шығарып қою мүмкіндігіне ие болады, ал мұғалім өз тарапынан әрбір оқушы жұмысына кері байланыс беріп, бағалай алады.

Қабырғаны белгілі бір тақырып бойынша бірігіп ақпарат жинау үшін пайдалануға болады. Осы жерде оқушылар бүкіл сыныппен де, жеке топтарда да жұмыс жасауы мүмкін. Осылайша, барлық табылған ресурстар бір жерде жинақталып тұрады. Ақпарат фото, видео, аудио, сілтеме немесе мәтіндік файлдар түрінде болуы мүмкін.

**Padlet.com** сайтындағы «қабырғаларды» сабақтың кез-келген кезеңінде пайдалану ыңғайлы. Ол әсіресе аз уақытта бүкіл сынып оқушыларын қамтуға көмектеседі. Мысалы, сабақ соңында кері байланыс алу үшін, немесе оқушылардың өз ойларымен бөлісу қажет жағдайда, белгілі бір ой талқы сұрақтарын қойған кезде. Мысалы, 9-сыныптың «Адамзат үшін климаттың әсері» тақырыбы бойынша мен қабырғаға сұрақты іліп қоямын: «Сіздің өміріңізге климат қалай әсер етеді?». Оқушылар осы сұраққа сәйкес өз жауаптарымен бөліседі.

**LearningApps.com** – оқушылар білімдерін және дағдыларын тексеруге бағытталған интербелсенді тапсырмаларды жасауға мүмкіндік беретін онлайн-сервис. Бұл жерде интербелсенді тапсырмалардың басты идеясы – оқушылар өздігінен білімдерін ойын түрінде тексеруі мүмкін, осылайша олардың пәнге деген танымдық қызығушылығы артады. Бұл сервисің көптеген артықшылықтары бар:

- Интерфейс өте қарапайым және пайдалану үшін жеңіл.
- Тапсырмалардың үлгілері бар, сондықтан сол үлгілер бойынша жаңа тапсырма құрастыруға болады.
- Басқа қолданушылар жасап қойған тапсырмаларды пайдалануға болады.

LearningApps.com сайтында тапсырмалардың көптеген түрлері ұсынылған. Одан басқа, тапсырмалар тек қана оқушылардың білімдерін ғана емес, дағдыларын да тексеруге бағытталған. Әсіресе география пәні бойынша оқушылардың кеңістіктік ойлау дағдыларын дамыту үшін карталармен жұмыстың түр-түрі бар. Тағы бір артықшылығы – әр түрлі тақырыптардағы дайын тапсырмалардың болуы, мысалы, әр түрлі материктер, жер қабықтары, жеке елдер бойынша тапсырмалар ұсынылған. 9-сыныптың «Картография және географиялық деректер базасы» бөлімінің «Географиялық карталар» тақырыбы бойынша картадан әр түрлі географиялық нысандарды анықтау жұмысын, «Елтану» бөлімінің «Тарихи-географиялық аймақтар» тақырыбы бойынша картамен жұмыс ұйымдастырдым, бұл жерде оқушылар тізімдегі елдерді сәйкес тарихи-географиялық аймақтарға орналастыру қажет. Осылайша олардың картамен жұмыс істеу дағдылары дамиды.

**Easel.ly** – бұл инфографикалар жасау үшін онлайн сервис, оның көмегімен қысқа мерзімде оқушылар өз презентациясы, баяндамасы немесе жобасы бойынша иллюстрация

жасауы мүмкін. Сайтта дайын үлгілер бар, сондықтан оқушылар бұл үлгілерді пайдаланып, өз жұмыстарын безендіре алады.

Easel.ly сайты арқылы инфографиканы жасауды мен сабақ үстіндегі топтық тапсырма, немесе үй жұмысы ретінде ұсынамын. Мысалы, «Атмосфера» бөлімі бойынша «Атмосфераның қолайсыз және қауіпті құбылыстары» тақырыбына сәйкес оқушыларға бір қауіпті немесе қолайсыз атмосфералық құбылысты таңдап, оның пайда болу жағдайларын, салдарын, таралу аймақтарын көрсетуді ұсынамын.

**Kahoot.com** - ойын түріндегі оқыту платформасы. Ол бастапқыда топтық жұмыс үшін пайдаланылды, бірақ жеке ойыншылар да ойнауы мүмкін. Бұл жерде тапсырмалардың бірнеше түрі ұсынылады: тест түрінде, немесе «Ақиқат/Жалған» ойыны формасында. Тест сұрақтарына қосымша видео немесе фотосурет қосуға болады. Әсіресе орта сынып оқушылары үшін қызықты болмақ, себебі ойын түрі және интерфейсі көзге жағымды және қарапайым ойын форматы оқушылар арасында бәсекелестікті туындатады.

Өз тәжірибемде аталған сайттағы тапсырмаларды мен сабақ басында, өткен тақырыпты қайталау үшін немесе сабақтың соңында, жаңа тақырыпты бекіту үшін пайдаланамын. 9-сыныптың «**Экономикалық география**» бөлімінде қарастырылатын «Дүниежүзілік шаруашылық орталықтары» тақырыбы бойынша 10-сұрақтан тұратын тапсырманы ұсындым, ол арқылы оқушылардың бұл тақырып бойынша алған білімдерін тексердім. Бұл ойын түріндегі тапсырмадан кейін оқушылардың белсенділігі артқандығы байқалады.

АКТ құралдарын оқу үрдісінде қолдануының мүмкіндіктері көп. Оларды сабақтардың кез келген кезеңінде, кез келген тақырыпты өту кезінде пайдалануға болады. АКТ құралдарын оқу үрдісіне енгізу – бұл оқушылардың оқу белсенділігін, мотивациясын жоғарылату әдісі ғана емес, сонымен қатар оларды ересек өмірге дайындаудың амалы болып табылады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Брыксина, О. Ф. Информационно-коммуникационные технологии в образовании : учебник / О.Ф. Брыксина, Е.А. Пономарева, М.Н. Сони́на. — Москва : ИНФРА-М, 2021. — 549 с. — (Высшее образование: Бакалавриат). — DOI 10.12737/textbook\_59e45e228d2a80.96329695. - ISBN 978-5-16-012818-4. - Текст : электронный. - URL: <https://znanium.com/catalog/product/1228347> (дата обращения: 01.04.2021). – Режим доступа: по подписке.

2. Федотова, Е. Л. Информационные технологии в науке и образовании [Электронный ресурс] : учебное пособие / Е. Л. Федотова, А. А. Федотов. – Москва : ФОРУМ : ИНФРА-М, 2019. – 335 с. – (Высшее образование). – URL: <https://ibooks.ru/reading.php?productid=361295> (дата обращения: 28.10.2019).

3. Яменко О.П. Информационно-коммуникационные технологии в среде дистанционного образования // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 4.;